

егемен

Казакстан

## Барлық жол Римге бастайды

Сөйтіп, Қазақстан басшысы Азиядағы ерте дүние елінен Еуропаның “мәңгілік” қаласы атанып, ежелден ту тіккен Рим шаһарына атбасын тіреді.

Бұл уақытта қоңыржай салқын болып тұратын Римнің ауа райы ерсі қылық көрсетпей, он бес градус жылылықта тұр екен. Президенттің ұшағы келіп қонған “Чампино” әуежайынан қала орталығына дейін Қазақстан мен Италияның мемлекеттік тулары ілініп, жоғары мәртебелі қонаққа жылышырай танытып тұрды.

Италия – Қазақстанның Еуропадағы тығыз ынтымақтастық орнатқан, экономикалық жақын әріптестерінің бірі. Биылғы жылдың алғашқы жартысының қорытындысына қарағанда, Италия Қазақстан өнімдерін сатып алу бойынша бірінші орынға шығып отыр. Сөйтіп, қазақстандық барлық экспорттың 15,7 пайызы италиялық үлеске тиесілі болып тұр. 2008 жылдың қорытындысы бойынша екі елдің арасындағы тауар айналымы 2007 жылмен салыстырғанда 48 пайызға артып, 13,2 млрд. АҚШ доллары көлеміне жетті. Ал Италияның Қазақстан экономикасына салған инвестицияның жаңа көлемі 4,5 млрд. АҚШ долларына жетіп отыр. Соның ішінде Қазақстан рыногының отын-энергетикалық саласына инвестиция салу бәрінің алдында. “Eni” концернінің құрамына енетін “Аджип” компаниясы тәуелсіздіктің елең-алаңынан бері Қазақстан рыногында қарқынды жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ Италияның “Комеринт”, “Ди Аиджене Индастриаз”, “Италцементи Групп”, “Сага Италия Стилл” т.б. фирмалары Қазақстан рыногында көптен бері істеп келеді. 2009 жылдың 1 шілдесіндегі мәліметке қарағанда, Қазақстанда италия капиталының қатысуымен 189 кәсіпорын тіркелген, соның ішінде 115-і Қазақстанмен бірлескен кәсіпорындар.

Әлемдік экономикалық дағдарыс екі елдің арасындағы сауда айналымына өзінің кері әсерін тигізбей қалмады. Үстіміздегі жылдың қаңтар-тамыз айларында тауар айналымы біршама төмендеп, 4,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Қазақстаннан Италияға негізінен шикі мұнай, газ конденсаты, мұнай өнімдері, мазут, астық, цинк, алтын, мыс және ферроқорытпа шығарылады. Ал Италиядан алынатын тауарлар қатарында халық тұтынатын тауарлардың үлесі мол. Сондай-ақ жоғары технологиялық құрал-жабдықтар алынады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұшағы Римге жергілікті уақыт бойынша кешкі 6-ның кезінде ұшып келді. Бірақ кешкілікті мерзімге қарамай, Президенттің жұмыс кестесі басталып кетті. Елбасы кешкі сағат 8-де басталған Италияның жетекші компаниялары басшыларымен болған кешкі асқа қатысып, сөз сөйледі. Мұндағы іскерлердің дені Қазақстан рыногында көптен бері жұмыс істейді. Елбасы өзінің бейресми жағдайдағы сөзінде олардың Қазақстан экономикасын көтерудегі еңбектеріне жоғары баға беріп, болашақта да ынтымақтастықты тереңдету үшін қарқынды жұмыс істеулерін тіледі. Отырысты “Фин-механика” компаниясының президенті П.Гуарчуалини жүргізіп отырды. Бұл Италияның жетекші мәшине жасау холдингтері басшыларының бірі. Олар жоғары жылдамдықты трамвайлар да жасайды. Компания біздің “Қазақстан темір жолы” АҚ-пен ынтымақтастық туралы

келісімге де қол қоймақшы. Бұл шара Нұрсұлтан Әбішұлының Италия Премьер-Министрі С.Берлусконимен кездесуінен кейін болады деп жоспарланған.

Елбасының бейсенбі күнгі жұмыс кестесі қауырт шаралармен басталды. Ол түске дейін жетекші компаниялар басшыларымен кездесті. Соның ішінде құрамына атақты “Аджив” енетін “Eni” компаниясының президенті П.Скарони, “UniCredit” банктер тобының президенті А.Профумо болды. Елбасы алдымен БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының бас директоры Жак Диуфпен кездесті. Бұл ұйым ашаршылыққа қарсы күрестің халықаралық істерінде жетекші рөл атқарады. Ұйым дамушы және ауыспалы экономикалы елдерге ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы мәселелері бойынша тиімді кеңестер беріп, шаруашылық әдістерін жетілдіруге байланысты ұсыныстар жасайды.

Президентпен кездесуден шыққан соң Жак Диуф ұйыммен ынтымақтасудағы белсенділігі үшін Қазақстан тарабына алғыс білдіргенін айтты. Болашақта Қазақстанда өздерінің өкілдігін ашпақ екен. Әсіресе астық тұқымын жақсарту, өсімдік вирустары, шегірткеге қарсы күрес жобалары бойынша терең ынтымақтаса түсу ойларында бар.

“Eni” компаниясының басшысы Пхале Скарони Елбасымен кездесуден шыққан соң журналистерге шағын сұхбат берді. Өзі үшін бұл кездесудің өте маңызды болғанын жеткізді. Біз ең бастысы “Қашаған” кен орнын игеру мәселесі бойынша пікір алмастық. Бұл жобада алғашқы мұнай 2012 жылы алына бастайтынын айттық. Біз “Қарашығанақ” кен орнында игерудің жаңа кезеңіне аяқ бастық. Осыған байланысты қол қойылатын келісімнің маңыздылығын атап өткім келеді, деді П.Скарони.

Ал “UniCredit” банктер тобының жетекшісі А.Профумо Қазақстандағы инвестициялық ахуалды қалыпты деп бағалайтынын, бірақ оған да жаһандық дағдарыстың әсер еткенін атап өтті. 2010 жылға қарай барлық саладағы көрсеткіштер жақсара түсер деп ойлайтынын жеткізді.

Бұл банктер жүйелері “АТФ Банкті” сатып алғаны белгілі. Оның жұмысын оңтайландыру бағытында биыл бірқатар жұмыстар атқарылыпты. Қазір жағдай жақсарып келеді. Атап айтқанда, деді банкир, Қазақстандағы жұмыстарымызды одан әрі жалғастырып, дамыта түсетін боламыз.

Президент сапарының қарсаңында Римде Қазақстан-Италия кәсіпкерлерінің бизнес-форумы болып өткен. Италиялық компаниялардың Қазақстан рыногына келуі тәуелсіздік алған кезден басталады, деді бізге сұхбат берген Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Бақыт Сұлтанов. Жалпы, Италия сауда айналымы бойынша Қазақстан үшін Қытай мен Ресейден кейінгі үшінші орында тұр. Бірақ бұл байланыстарды дамытудың әлеуеті әлі де зор. Бұл туралы бизнес-форумда айтып, талқыға салдық. Италиялық кәсіпкерлердің Қазақстан рыногына қызығушылығын форумға 150 компанияның өкілдері қатысқанынан-ақ көруге болады. Ал біздің жақтан бұл шараға 50 компанияның өкілдері қатысты. Қол қойылған келісімдердің сомасы бірнеше млрд. доллар көлеміне жетті. Мемлекет басшыларының қа-

тысуымен қол қойылатын келісімдер Қазақстанға қосымша 3 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция әкеледі деген үміттеміз, деді министр.

Бизнес-форумға Италия үкіметі тарапынан Сыртқы сауда ұлттық институтының бас директоры Массимо Мамберти, Экономикалық даму министрінің өкілі Пиетро Сели, ал Қазақстан жағынан Индустрия және сауда министрі Ә.Исекешев, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ” АҚ-тың басқарушы директоры А.Кәрібжанов және ірі бизнес өкілдері қатысты.

Италия компаниялары басшыларымен кездескеннен кейін Президент Нұрсұлтан Назарбаев Италия Республикасының Президенті Джорджо Наполитаномен кездесу үшін “Квиринале” сарайына бет алды. Бұл ел билеушілерінің XV ғасырдан бері пайдаланып келе жатқан сарайы екен. Талай ғасыр бойы сан түрлі билеушілерді көрген оның қабырғалары ешқандай да көңіл-күй танытатын емес.

Қарсы алу рәсімінен кейін президенттер келіссөз үстеліне отырды. Айта кететін жәйт, Италияда Президенттің рөлі символдық дәрежеде екен. Бірақ ол да кәдімгідей жалпыхалықтық сайлауда сайланады.

Келіссөздер бір сағатқа дейін созылды. Одан кейін мемлекет басшылары журналистерге арнап мәлімдеме жасады. Алғашқы болып сөйлеген Дж.Наполитано Президент Н.Назарбаевтың атына жылы сөздер арнаудан бастап, өзінің лебізін келіссөздер барысында талқылаған мәселелерге бұрды. Біз екі елдің арасында тауар айналымын 10 есеге дейін өсіруге болатынын айттық. Қазақстан ресурстарға өте бай, әлеуеті жоғары мемлекет. Еуропаға әкелінетін энергетика ресурстарының үлкен бөлігі Қазақстаннан шығады. Қазақстан одан әрі де серпінді дамудың толық әлеуетіне ие. Соның ішінде білім саласының деңгейі де өте жоғары. Келіссөздер барысында біз екі елдің арасындағы экономикалық байланыстардың перспективаларын талқыладық. Сондай-ақ, біз халықаралық проблемаларды бірлесе шешуде күш біріктіре алатынымыз туралы ой бөлістік. Соның ішінде бүкіл әлемді шарпып отырған экономикалық дағдарысты бірлесе еңсеруге болатынын әңгіме еттік. Осы қатарда үлкен “жиырмалықтың” да жаңа формула мен ынтымақтастықтың жаңа қырларына көшу мүмкіндігі сөз болды. Одан әрі Президент Дж.Наполитано “жиырмалық” жұмысының толық өкілетті және тиімді істермен айналысуы қажеттігін талқылағанын айтты. Сондай-ақ Орталық Азия аймағындағы проблемаларды шешу мәселесі, олардың қатарында Иран, Пәкстан, Ауғанстан сияқты елдердегі дағдарыс көздерін жою мүмкіндіктері сөз болғанын жеткізді. Бұлар біздің бәрімізді де толғандырады. Сондықтан да оларға дағдарысты еңсерудің жолдарын бірлесе табуымыз керек. Бізге қауіпсіздік архитектурасын нығайтудың барлық жолдарын талмай іздеу қажет. Сонымен қатар Дж.Наполитано Израиль-Палестина текетірестігіне де оң ықпал ету мүмкіндіктері айтылғанын тілге тиек етті. Сөзінің соңында ол ядролық қарудан бас тарту жөніндегі БҰҰ-ның жуырдағы қарарын қолдайтынымызды білдірдік дегенді жеткізді. Осы қатарда АҚШ пен Ресейдің ядролық қарудан бас тарту жолында белсенді бастамалар көтергенін қалайтынымызды айттық, дей келіп Елбасы Н.Назарбаевқа Қазақстанның

ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету барысында тиімді жұмыс істейтініне үміті зор екенін білдірді. Оған сіздің көтерген бейбіт бастамаларыңыз, төзімділік пен түрлі халықтардың тең өмір сүруін қамтамасыз етіп отырған саясатыңыз мүмкіндік береді, деді ол.

Сонымен қатар, Дж.Наполитано өзін Қазақстанға шақыруды қабыл алып, жақын уақыттарда ондай мүмкіндікті пайдалануға тырысатынын жеткізді. Жауап сөзінде Елбасы Н.Назарбаев қарсы алушы жақтың жылышырайлы ниетіне алғысын жеткізді. Одан әрі Қазақстан мен Италия арасындағы ынтымақтастықтың қырларына тоқталды. Соның ішінде Италия жағы Қазақстан экономикасына 4,5, ал Қазақстан жағы Италияға 1,5 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция салғанын айтты. Энергетика саласында “Қарашығанақ” сияқты мұнай қоры 5 млрд. тонна болатын кен орнында “Eni” компаниясы сияқты Еуропадағы жетекші кәсіпорындар қызмет етеді. Осы компания жақын болашақта сол жердің халқына инфрақұрылымдар жүйесін жақсарту және мұнай өңдеуді дамыту үшін үлкен көлемдегі қаржы салатыны туралы келістік. Италиялық компаниялар энергетика ғана емес, металлургия, құрылыс салаларында да белсенді жұмыс істеуде. Осы қатарда қазақстандық қатты сортты, сапалы бидайының 1 млн. тоннасы Италия рыногына шығарылады. Бұл да біздің ынтымақтастығымызды тереңдете түсудің бір жолы. Сондай-ақ жоғары технологияларды сатудың мәселелері де жақсы жолға түсіп келеді. Менің ресми сапарымның аясында жиырма шақты келісім құжатына қол қойылғалы отыр. Мұндағы екіжақты инвестиция көлемі 6 млрд. АҚШ доллары шамасына жетіп отыр. Мен мұны нағыз серпінді секіріс деп ойлаймын. Бұдан әрі Президент өзінің италиялық іскерлері мен кездесуінің кейбір қорытындылары туралы айтты.

– Біз Италияда сәуір айында болған табиғат апатына жанашырлықпен қарап, Аквила қаласындағы “Әулие Биаджио” шіркеуін қалпына келтіруге Қазақстан Үкіметі қаражат бөлді. Бұл біздің достығымыздың белгісі деп ойлаймын.

Өзінің сөзінде Н.Назарбаев Дж.Наполитаноның халықаралық саясаттағы ұстанымдар туралы айтқанын қуаттады. “Мен Италияның ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының саммитін келесі жылы Астанада өткізу туралы көтерген бастамамызды қолдағаны үшін алғысымды білдіремін. Мұндай саммит соңғы рет он жыл бұрын Ыстамбұлда болған екен. Қазіргі заман түрлі қауіп-қатерге толы болып кетті. Сондықтан оларды шешудің жолдарын талқылау қажет. Еуропаның қауіпсіздігі – бұл әлемнің қауіпсіздігі. Біз Иран басшылығы сындарлы келіссөздерге келіп, әлемді ядролық қауіп бұлтынан сейілтеді деген үміттеміз. Иран бізге жақын ел, туыс халық. Сондықтан онда бейбітшілік болғанын қалаймыз. Ауғанстан проблемасы туралы айтқанда Н.Назарбаев ондағы тыныштық елдің экономикасы қалпына келгенде ғана болатынына екі жақ та келістік деді. Осы қатарда Ауғанстанға түрлі көмектер жасалып жатқанын, соның ішінде Қазақстанда мың ауғанстандық баланың түрлі кәсіптерді игеру үшін оқытылып жатқанын жеткізді. Әлемдік экономикалық дағдарыс туралы айтқанда Президент Н.Назарбаев оны еңсеру

үшін тереңде жатқан себебін табу керек екенін айтты. Сосын оны бірлесе еңсеру керектігін жеткізді. Сөзінің соңында Дж.Наполитаноға жақсы сөздері мен ниеттері үшін алғыс білдірді.

Осыдан кейін Елбасы Италия Президентінің ресми қонақасында болды. Одан кейін Қазақстан Республикасының Италиядағы елшілік үйінің қалпына келтірілгеннен кейінгі жағдайын көрді. Рим уақыты бойынша кешкі 20.00-де, ал Астана уақыты бойынша түнгі сағат 1-де Елбасы Италия Республикасының Премьер-Министрі С.Берлусконимен келіссөзге отырды. Ол туралы газетіміздің келесі нөмірінде айтатын боламыз.

Авторы: Жақсыбай Самрат – Римнен.